

Павлодар облысының білім беру
басқармасы Ақсу қаласының
білім беру бөлімінің
«АҚСУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
ИМЕНИ ИБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА
ГОРОДА АКСУ»
Отдела образования города Аксу,
управление образования
Павлодарской области

Б Ұ Й Р Ы Қ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 24.08 №1-06/167
Ақсу қаласы

Город Аксу

**2026-2027 оқу жылының басталуы және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

Ақсу қаласының білім бөлімінің 2026 жылдың 18 тамыздағы «Ақсу қаласының орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» № 1-04/534 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінде 2026-2027 оқу жылын бастау және аяқтау мерзімін, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін орындауды қамтамасыз етілсін:

1.1. Оқу жылын бастау және аяқтау мерзімі 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2027 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 26 қазаннан бастап 1 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 14 күн (2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 22-28 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

1.2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2027 жылғы 31 мамырдан 11 маусым аралығында;

11-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2027 жылғы 1-17 маусым аралығында.

1.3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып білім алушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 31 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2027 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2027 жылғы 7 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 11 маусым.

11-сынып білім алушылары үшін:

1) қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2027 жылғы 1 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2027 жылғы 14 маусым;

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2027 жылғы 17 маусым.

2. Ұйымдастырылған жаңа оқу жылының басталуы аясында өткізілген іс-шаралардың сапасының орындалуы директордың оқу жөніндегі орынбасарлары Рысты Нурымовна Ташмагамбетоваға, Клара Камалбаевна Жапароваға, Рина Худасқа жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауыма қалдырамын.

Мектеп директоры



И.Е.Егис

Таныстым:

Р.Н.Ташмагамбетова

К.К.Жапарова

Р.Худас